

Ақмола облыстық мәслихатының 2016 жылғы 12 желтоқсандағы № 6С-7-9 " Ақмола облысында ортақ су пайдаланудың қағидаларын белгілеу туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облыстық мәслихатының 2021 жылғы 13 желтоқсандағы № 7С-12-5 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 23 желтоқсанда № 25968 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облыстық мәслихатының 2026 жылғы 14 сәуірдегі № 8С-28-3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облыстық мәслихатының 14.04.2026 № 8С-28-3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ақмола облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. "Ақмола облысында ортақ су пайдаланудың қағидаларын белгілеу туралы" Ақмола облыстық мәслихатының 2016 жылғы 12 желтоқсандағы № 6С-7-9 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5715 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

Ақмола облысында ортақ су пайдаланудың қағидаларында:

8 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"8. Су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарындағы көпшіліктің демалуына, туризм мен спортқа арналған жерлерді экологиялық талаптар мен адам өмірінің қауіпсіздігін сақтай отырып, бассейндік инспекциялармен, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен келісім бойынша облыстың жергілікті атқарушы органдары белгілейді."
";

9-тармақтың екінші абзацы жаңа редакцияда жазылсын:

"Су объектілерін кеме қатынасы санатына жатқызу тәртібін және кеме қатынасы су жолдарының тізбесін бекітуді су көлігі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.";

11-тармақтың 2) тармақшасы алынып тасталсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақмола облыстық
мәслихатының хатшысы

М.Балпан

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы

*Денсаулық сақтау министрлігі
Санитариялық-эпидемиологиялық
бақылау комитеті
Ақмола облысының
санитариялық-эпидемиологиялық
бақылау департаменті"
республикалық мемлекеттік
мекемесі*

"КЕЛІСІЛДІ"

*"Қазақстан Республикасы
Экология, геология және табиғи
ресурстар министрлігі
Су ресурстары комитетінің
Су ресурстарын пайдалануды
реттеу және қорғау жөніндегі
Есіл бассейндік инспекциясы"
республикалық мемлекеттік
мекемесі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК